



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

7 ақпан
сенбі

№10 (2222)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Өңір келбеті

Өңір мәдениетінің жаңа тынысы

Сыр өңірінде руханиятты дамытуға бағытталған маңызды бастамалар қолға алынады. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында жаңа драма театр және тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана салу туралы айтқан еді. «Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі», – деді ел Президенті.

Заманауи кітапхана мен драма театрдың салынуы өңірдің мәдени өміріне серпін беріп, халықтың сұранысын өтеуге қызмет етеді. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынатын кітапхана мен драма театрдың құрылыс алаңына барды.

Заманауи, көпфункционалды кітапхана салуға инвестор есебінен 20 млрд теңге қаралған. Бұл еліміздегі кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырмандарға қолжетімділікті арттыруға және өңірлерде ақпараттық мәдениет деңгейін көтеруге бағытталған.

Жаңа кітапхана 1 миллионнан астам кітап қорын сақтауға арналған. Жыл сайын 250-300 мың оқырманға қызмет көрсетеді. Жаңа нысан – тек кітап сақтайтын орын емес, ол білім мен ой алмасудың, интеллектуалдық дамудың орталығына айналады.

Ал драма театрдың жаңа ғимаратының салынуы – қазақ театр өнерінің қарашаның саналатын тұрғындарға үшін зор қуаныш, үлкен сый. Жаңа мәдени нысан жергілікті өнерпаздардың шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

«Ақмешіт-ақпарат»



«Ақмешіт-ақпарат» қолтағасы

СПОРТ

XXV Қысқы Олимпиада ойындары басталды



Кеше XXV Қысқы Олимпиада ойындары басталды. Ақ Олимпиада 6-22 ақпан аралығында Италияның Милан және Кортино қалаларында өтеді. Байрақты бәсекеде ел намысын Қазақстан құрамасы 10 спорт түрі бойынша 36 спортшы ел намысын қорғайды.

Өлем назарын аударған ақ олимпиаданың ашылу салтанаты Миландағы аңызға айналған «Сан-Сиро» стадионында өтті. Айтулы күнде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын ұстап шығу ұлттық құраманың мүшелері Денис Никиша мен Аяулым Әмреноваға жүктелген.

Қазақстан құрамасының ойыншыларының орташа жасы – 25 жас. Ең жас спортшы – фристайл-акробатикадан сынға түсетін 16 жастағы Асан Асылхан. Ал ең тәжірибелі спортшы – шорт-трекші 33 жастағы Абзал Әжғалиев. Құрамадағы ең атакты спортшы – фристайл-могулдан бақ сынайтын Юлия Галышева.

«Ақмешіт-ақпарат»

Сыр өңірінде ауылдық білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруді көздейтін «Адал азамат: ауыл мектебінің келешегі» атты республикалық семинар-тренинг өтті. Қызылжарма ауылдық округіндегі «Келешек» мектебінде өткен бұл жоба ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен, «Ауыл» партиясының және облыс әкімінің бірлескен бастамасымен жүзеге асуда.



АУЫЛ МЕКТЕБІ АРТТА ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында «Адал азамат» тұжырымдамасын негізге ала отырып, әділетті қоғамның негізін интеллектуалды әрі жауапкершілігі жоғары ұрпақ қалыптатын атап айтты.

Іс-шараның ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Ділімұхамед Абызов ауыл мұғалімдерінің стратегиялық маңызына тоқталды.

– Ауылдағы мұғалім – мемлекетіміздің ертеңгі келбетін қалыптастыратын басты тұлға. Бүгінгі басқосу ұстаздарымыздың кәсіби шеберлігін шыңдап, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім алшақтығын жоюға үлкен септігін тигізбек. Өңір басшылығы білім саласындағы мұндай өзгерістерге әрқашан қолдау көрсетеді, – деді Д.Абызов.

Іс-шарада ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат

жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі Айгерім Сарсенбаева отбасы құндылықтары мен ауыл баласының қауіпсіздігі жөнінде атап айтты.

– Біз үшін әрбір баланың тағдыры – ұлттың болашағы. Бұл жобаның түпкі мәні Ұлттық комиссияның басты міндеттерімен, атап айтқанда, отбасы институтын нығайту және балалардың құқығын қорғаумен тікелей ұштасады. Біздің міндетіміз тек академиялық білім берумен шектелмей, баланың рухани әлемін байыту және оны заманауи қатерлерден қорғау. Ауыл мектебі – қоғам мен отбасын біріктіретін киелі шаңырақ, берекелі бірліктің орталығы. Әрбір ауыл баласының сапалы білім алып, қауіпсіз ортада өсуі – біздің ортақ жауапкершілігіміз әрі жұмысымыздың басты индикаторы, – деді ол.

Ұлттық құрылтайдың V отырысы Қызылордада өтуі – Сыр өңірі жұртшылығы үшін зор мәртебе

2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер талқыланған бұл алқалы жиынның дәл осы өңірде ұйымдастырылуды және бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған қасиетті Қызылорда жерінде өтуі Сыр өңірі жұртшылығы үшін зор мәртебе әрі тарихи маңызы айрықша оқиға болды.

Осындай тарихи және саяси мәні зор құрылтай отырысынан кейін Сыр елінің зиялы қауым өкілдері мен жастары Мемлекет басшысына алғысын білдіріп, арнайы хат жолдады.

«Аймақ халқы Өзіңіздің ұлттық бірлікті нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған сын-дарлы саясатыңызды әрдайым қолдап келеді. Құрылтай барысында Қызылорда облысының соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына жоғары баға беруіңіз Сыр жұртшылығына үлкен сенім мен жігер сыйлады. Бұл ынтымағы жарасқан өңір халқына көрсетілген лайықты қолдау әрі еңбектің әділ бағасы деп қабылданды.

Қызылорда қаласынан Президенттік кітапхана ашу, жаңа драма театр мен 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салу, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің Қызылорда – Ақтөбе арасын төрт жолақты етіп кеңейту, сондай-ақ биыл «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысын бастау және «Көкарал» бөгеті жобасын жүзеге асыру арқылы кіші Аралдың су көлемін айтарлықтай көбейту бойынша берген тапсырмаңыз өңір тұрғындарын ерекше қуантты.

Сізге барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз.

Біз Сіздің әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанды орнықтыру бағытындағы барлық бастамаларыңызды қолдаймыз! Егемен еліміздің дамуы жолындағы ерен еңбегіңізге табыс, деніңізге саулық пен күш-жігер тілейміз!» делінген хатта.

Сыр халқының алғысын жеткізген хатқа қол қойғандар арасында Қазақстанның Еңбек Ерлері А.Ералиев, И.Шағыртаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, еңбек ардагерлері Ж.Шарипов, С.Имандосов, зиялы қауым өкілдері, Қызылорда облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, айтыскер акындар М.Ниязов, М.Сұлтанхан, облыстық мәслихат төрағасы мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері және жастар бар.

АШЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚҰЖАТ

Конституцияның жаңа редакциясының алғашқы жобасында Прембула, 11 бөлім және 95 бап бекітілу ұсынылды.

Жаңа Ата заң қазақ елінің Тәуелсіздігін, Егемендігі мен аумақтық тұтастығын мызғымас құндылықтар қатарына жатқызады. Демек, жаңа Конституция бірінші кезекте қасиетті Тәуелсіздігімізді қорғауға бағытталған.



Оның негізгі философиялық өзегі – халық билігі, құқық үстемдігі және әділеттілік қағидаттары. Құжатта Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітіліп, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде айқындалады. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық екені нақты көрсетіліп, билікті жүзеге асырудың негізгі тетіктері ретінде сайлау мен референдум институттары бекітіледі.

Ата Заңымыздың жаңа жобасының басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Яғни, біздің басты байлығымыз адами капитал мен азаматтарымыздың жетістігі. Бұл бағыттар Қазақстанның болашағы үшін өте маңызды, себебі ғылым мен инновация экономиканың дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар жаңа Конституция ұлттық құндылықтарымызды сақтайды. Мұнда неке ұғымы тек ер мен әйелдің арасындағы тең әрі ерікті одақ екені нақты жазылған. Бұл норма өскелең ұрпақты қазақтың болмысына жат идеялардың әсерінен қорғауға арналған.

Конституция жобасындағы түбегейлі өзгерістердің бірі – мемлекеттік басқару жүйесін институционалдық тұрғыда жаңарту. Осы тұрғыда Вице-президент институтының енгізілуі ерекше маңызға ие. Вице-президент мемлекетті басқаруда сабақтастықты қамтамасыз етіп, Президенттің тапсырмасы бойынша ішкі және сыртқы саясатта өкілдік функцияларды атқарады. Бұл лауазымының саяси партиялардан тыс болуы атқарушы биліктің бейтараптығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң шығарушы билік жүйесінде де елеулі өзгерістер ұсынылады. Конституция жобасына сәйкес, бір палаталы Парламент – Құрылтай құрылады. Құрылтай 145 депутаттан тұрып, пропорционалды сайлау жүйесі негізінде қалыптасады. Бұл өзгеріс заң шығару процесін оңтайландырып, саяси жауапкершілікті арттыруды көздейді.

Халықтың шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейту мақсатында Қазақстан Халық Кеңесі атты жаңа институт енгізіледі. Халық Кеңесі – жалпыұлттық диалогты қамтамасыз ететін, қоғамдық пікірді жүйелеп, заң шығару бастамасына ықпал ететін жоғары консультативтік орган ретінде айқындалады. Бұл орган азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты нығайтудың жаңа форматына айналады.

Қорытындылай келе, 2026 жылы жарияланған Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясы жобасы – мемлекетті басқару жүйесін жаңғырттып қана қоймай, адамға бағдарланған, әділетті және ашық қоғам құруға бағытталған стратегиялық маңызы бар құжат. Ол халық пен билік арасындағы сенімді нығайтып, Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде орнықты дамуына берік негіз қалайды.

Ескеретін жайт, Конституциялық комиссияның жұмысы жалғасуда. Бүгінгі таңда e-Отinish және eGov порталдары арқылы ұсыныстар қабылданады.

Жалпы, жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтын болады.

Гүлшат МҰСАЕВА,

«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы,

Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты

2-БЕТТЕ

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ЖАСАЛҒАН БАТЫЛ ҚАДАМ



Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасын жариялады. Бұл – елдің құқықтық жүйесін өзгертуді көздейтін тарихи маңызды құжат. Ел дамуының жаңа кезеңіне жасалған батыл қадам.

Жаңа Конституциясы жобасы ең алдымен «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген.

Жаңа Конституция жобасында азаматтың ар-намысы, қадір-қасиеті, бостандығы мен негізгі құқықтары мемлекет мүддесінен жоғары құндылық ретінде айқындалуда. Азаматтардың жеке деректері, ар-намысы мен қадір-қасиеті конституциялық қорғауға алынып, жеке өміріне қол сұғуға жол берілмейтіні нақты көрсетілген. Бұл – «мемлекет үшін адам емес, адам үшін мемлекет» қағидасының заң жүзінде орнығуының айқын көрінісі. Сонымен қатар әділ сотқа қол жеткізу, жеке өмірге қол сұқпау, адамның қадір-қасиетін қорғау секілді құқықтар нақты тетіктермен күшейтіліп, азаматтардың құқықтық қорғалуын жаңа деңгейге көтеруге.

Жаңа Конституция жобасындағы негізгі құндылықтардың бірі – отбасы, неке

және балалардың құқықтарын қорғау. Бұл тұжырымдамалар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бөліміне енгізіліп, неке мен отбасы институттары конституциялық деңгейде бекітіледі, отбасы мен некені тұрақты әлеуметтік негіз ретінде тануды күшейтуді баян етеді. Сонымен қатар отбасы мен некені адам құқықтарының тұтастығы мен дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау контекстінде қарастырады, яғни некені қоғамның әлеуметтік құқықтық негізі ретінде таниды.

Айта кету керек, қазіргі таңда Қазақстанда «Неке және отбасы туралы» заң нормаларының Конституцияға сәйкестігі Конституциялық Сот арқылы қайта қаралып жатыр, бұл саладағы құқықтық базаның Конституциямен тығыз байланыста өзгеретінін көрсетеді.

Жаңа жоба білім беру құқығын нақты конституциялық деңгейде бекітуді көздейді. Азаматтарға мемлекеттік жоғары оқу орындарында конкурс негізінде білім алу құқығы беріледі, жекеменшік оқу орындарында білім алу заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асады. Мемлекет жалпыға міндетті білім стандарттарын белгілеп, оқу орындарының қызметі осы стандарттарға сай болуын қамтамасыз етеді. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру заңырылы сипатқа ие болады. Бұл нормалар білім саласын құқықтық және стандартты негізде реттеп, білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Конституция жобасы – Қазақстанның саяси жаңғыруының құқықтық негізі. Бұл өзгерістер – әлеуметтік құқықтық жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын толық қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Айгүл МҰСАБАЕВА,
Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры, қалалық мәслихат депутаты

ХАЛЫҚ СЕНІМІН АҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

«АМАНАТ» партиясының 2023–2027 жылға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аймақта жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінде барлық бағыттағы нақты жол карталары бекітіліп, іс-шаралар тұрақты өткізілуде. 2025 жылдың қорытындысымен облыста сайлауалды бағдарламаның орындалу деңгейі 91,9 пайызды құраған. Жол картасына енгізілген 110 іс-шараның 101-і толық орындалған, қалған іс-шаралар орындалу сатысында тұр. Атап өту керек, партияның облыстық филиалы бұған дейін республикада үш жыл қатарынан сайлауалды бағдарламаны 100 пайыз орындаған үздік филиалдардың бірі. Бұл туралы «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай БАҚ өкілдеріне берген брифингте мәлімдеді.

– Біздің басты ұстанымымыз – халыққа берілген әрбір уәденің нақты нәтижесін орындалуы. Партия жұмысының тиімділігі сандармен емес, тұрғындардың өмір сапасында оң өзгерістермен өлшенуі тиіс. Әділетті қоғамды біз қалыптастыруымыз керек. 2025 жылы өңірде сайлауалды бағдарламасы аясында әлеуметтік маңызы бар бірқатар ірі жобалар іске асырылған. Атап айтқанда, 10 елді мекен газдандырылып, облысты газбен қамту деңгейі 83 пайызға жеткен. Спорт саласында 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға беріліп, халықты спорттық инфрақұрылыммен қамту көрсеткіші артқан, – деді Жандос Базартай.

Аймақта білім беру бағытында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 4200 орындық 5



«Келешек мектебі», 3 мектеп іске қосылып, қосымша 6 білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауызсумен қамту бойынша 2025 жылы облыс халқы орталықтандырылған ауызсумен 100 пайыз қамтылған. Денсаулық сақтау, мәдениет, тұрғын үй құрылысы, жол және жылу желілерін жаңғырту салаларында да ауқымды жұмыстар атқарылған.

Партиялық бақылау комиссияларының аймақтық және аумақтық деңгейлерде 94 отырысы өтіп, оларда көтерілген 566 ұсыныстың 400-і орындалған. Жол картасында көрсетілген 84 нысанға партиялық бақылау бекеттері орнатылып, бүгінгі күні 80-і пайдалануға берілген. Партиялық бақылау комиссияларынан бөлек барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракциялардың жұмысы жана жолға қойылған. Есепті кезеңде мәслихаттардағы фракциялардың 61 отырысы өткізіліп, фракция мүшелерімен тиісті органдарға 1377 депутаттық сауал жолданған. Сонымен бірге партия жанындағы Кеңестердің 62 отырысы өтіп, оларда қаралған 124 мәселе бойынша 435 ұсыныс тиісті органдарға жолданған. Қоғамдық

жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанатымен атқарылған жұмыстарды да тілге тиек етті.

Мәселен, өңірде өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2 млрд 490 млн теңгеге 297 жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар «Жер аманаты» жобасы бойынша 60,0 мың гектар жерді қайтару жоспарланып, 66791 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Оның 1626 гектары заң аясында тұрғындардың пайдалануына берілген. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 22800 азаматқа қызмет көрсету көзделіп, жүзделген міндет жүйелі орындалған. Жоба қорытындысы бойынша облыс командасы өткен жылы республикада үздіктері қатарынан көрінген.

– Аталған жобалар қоғам үшін қызмет етеді. Мәселен, «Ауыл аманаты» жобасын алайық. Бұл – жас кәсіпкерлерге айрықша қолдау болмақ. Бүгінде өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде елімізде 20 мыңға жуық біздің өңірде 2 мың жұмыс орны ашылды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында үйде отырып тігін тігіп бастаған жан, бүгінде елге танымал тігінші, кәсіпкер. Қарамағында екі адам жұмыс істейді. Сондықтан «Ауыл аманаты» жобасы адам таңдамайды, талғамайды. Тек іскерлік қабілет, ынты болса жеткілікті, – дейді Жандос Базартай.

Өңіріміздегі белсенді жастардың бірлескен жұмысының нәтижесінде әртүрлі бағыттағы облыстық және республикалық маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Өткен жылы атқарылған жұмыстар нәтижесінде «Жастар рухы» жастар қанатының облыстық филиалы республика бойынша үздік деп танылған.

Айдана БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

ТАЗА ҚАЛА – ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Бүгінде Қызылорда «Таза қала» бойынша көш бастап келеді. Атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Бұл туралы «Қызылорда тазалығы» директоры Сапарғали Асылбеков БАҚ өкілдеріне берген брифинг барысында мәлімдеді.



«Қызылорда тазалығы» мекемесінің негізгі міндеті – қала көшелерінің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару, жаз мезгілінде көшелерді жуу мен су себу, ал қыс айларында қар тазалау және көктайғақтың алдын алу. Сондай-ақ көше бойындағы арамшөптерді тазалау, жол жиектерін жуу, ағаштарды өктуе жұмыстары да кәсіпорын жауапкершілігінде.

Кәсіпорында штаттық кестеге сәйкес 538 қызметкер еңбек етеді. Материалдық-техникалық базада 178 арнайы техника бар. Жыл басынан бері тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына 96713 тонна қоқыс шығарылған. Қала бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметіне 180 мыңға жуық абонентпен келісімшарт жасалған. Ай сайынғы түсім көлемі шамамен 97,7 млн теңгені құрайды. Төлемді уақытылы төлемеген тұрғындар заң талаптарына сәйкес жұмыстар атқарылуда.

Айдана БАХТИЯР

А.БАХТИЯР



ошақтарында 99 үйірме жұмыс істейді.

– 2025 жыл Қызылорда қаласының мәдениет саласы үшін тарихи мәнге ие болды. Жыл бойы 1155 мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылып, оған 300 мыңға жуық көрермен қамтылды. Әсіресе, қаланың ел астанасы болғанына және ұлт атауының қайтарылғанына 100 жыл толуына орай өткізілген іс-шаралар мазмұнымен ерекшеленді. Мерейтой аясында республикалық және облыстық деңгейде бірқатар ауқымды жоба жүзеге асты. Олардың қатарында дәстүрлі «Көктем нұры» оқушылар айтысы,

Жастар театрының жұмысы да нәтижелі. Қазіргі таңда театр репертуарында әртүрлі жанрдағы 15 қойылым бар. 2025 жылы ұжым республикалық фестивальдерде табысты өнер көрсетіп, «Үздік ұжым» номинациясын иеленді.

Өткен жылы оқырман саны 37858 адамға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 133 адамға артқан. Жыл ішінде 557 мәдени-танымдық іс-шара өткізіліп, 19 мыңнан астам оқырман қамтылған. Сонымен қатар мобильді кітапхана, QR-код арқылы кітап оқу сынды заманауи жобалар жүзеге асуда.

«Жауһар жырдың Асқары» жыр-мұшәйрасы, «Ғасыр сөйлейді» тарихи-танымдық кеші бар. Сонымен қатар «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылорда» атты облыстық өнер байқауы ұйымдастырылып, оған қала мен облыстың алты ауданы қатысты. Айтулы шараның бірі қала күні қарсаңында ұйымдастырылған «Мерейлі мерекенмен, Қызылорда!» гала-концерті. Сондай-ақ театрландырылған қойылымдармен қатар заманауи дрон-шоу ұсынылып, қала тарихы мен бүгінгі келбеті кеңінен дәріптелді, – деді Айдын Бөкенбайұлы.

– Мемлекеттік тіл саясаты бағытында құжат айналымының 100 пайыз қазақ тілінде жүргізілуі қамтамасыз етілген. Сондай-ақ көрнекі ақпарат пен жарнама мәтініне тұрақты мониторинг жүргізіп келеміз, – дейді Айдын Қайруллаев.

Брифингте биыл Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығы, Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығы, Алмасбек Алматовтың 70 жылдығына арналған мәдени іс-шаралар өткізу жоспарланғанын атап айтты.

КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА

М.Шокай атындағы №187 ІГ мектеп-лицейде «Кітап сыйла – ігілік тарат» атты шара өтті. Акция аясында мектебіміздің түлектері Әлішер Сатығұлов пен Мейірбек Ғалымжан рухани мұра ретінде авторы Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Қаныш және ғылыми майдан», «Жұмабек және жер майдан» кітаптарын сыйға тартты. Бұл игі іс – өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беріп келген мектепке деген алғыс пен құрметтің белгісі. Сыйға берілген әр кітап – болашақ оқырманға жол тартқан қымбат қазына.

Осы игі бастаманы жоғары бағалаған мектеп әкімшілігі түлектерді арнайы Алғыс хатпен марапаттады. Бұл – түлектер еңбегінің лайықты



бағалануы әрі ізгі істердің әрдайым қолдау табатынын айғағы.

Бұл игі шара мектепке деген алғыс пен құрметтің, білім мен кітапқа деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Сыйға тартылған кітаптар кітапхана қорын толықтырып ғана қоймай, жас оқырмандардың рухани дамуына, білім көкжиегін кеңейтуге үлес қосады.

Кітапхана – білімнің қайнар көзі, ал кітап сыйлау –

болашаққа салынған рухани инвестиция. Осындай өнегелі іс арқылы түлектер кейінгі буынға үлгі көрсетіп, игі дәстүрдің жалғасына жол ашты.

Мектеп ұжымы түлектерге алғыс білдіре отырып, мұндай қайырымды бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімде.

Жайна РАХМЕНОВА,
М. Шокай атындағы №187 ІГ мектеп-лицейінің кітапхана меңгерушісі

АУЫЛ МЕКТЕБІ АРТТА ҚАЛМАЙДЫ

Ал «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары Қуаныш Сейтжанов ауыл мұғалімдерінің қоғамдағы мәртебесі мен партияның ұстанымын жеткізді.

– Ауыл мұғалімі – елдің ұйытқысы, жаңа буынның рухани теміржолы. Біз үшін ауыл мектептеріне қолдау көрсету – жай ғана бағыт емес, бұл «Әділетті Қазақстанның» кадрлық іргетасын қалау. Біз ауыл мұғалімінің тек кәсіби біліктілігін емес, оның қоғамдағы асқақ беделін қалпына келтіруіміз керек. Мұғалім заманауи әдістемелермен қаруланып, ауыл баласына жаһандық мүмкіндіктерді аша білуі тиіс. Осындай семинарлар өңірлердегі қадірлік әлеуетті нығайтып, білім сапасын жүйелі арттыру арқылы ауылдың әлеуметтік ахуалын жақсартуға жол ашайды, – деп түйіндеді ол.

Семинардың күн тәртібі тек теориямен шектелмей, заман талабына сай ең өзекті тақырыптарды қамтыды. «Білім берудің жаңа парадигмасы: құндылық, сапа және даму» тақырыбындағы пленарлық отырыста «Qazaq Digital Mektebi» жобасы мен цифрлық технологияларды оқу үдерісін енгізу мәселелері қызу талқыланды.

Жиынның екінші бөлімінде қатысушылар төрт секцияға бөлініп, төмендегідей маңызды бағыттар бойынша тәжірибе алмасты. Атап айтқанда, «Әлеуметтік тәуекелдермен күрес: Балалардың гаджеттерге тәуелділігі мен лудоманияның алдын алу», «Цифрлық сауаттылық: Оқу үдерісінде Жасанды интеллект (AI) мүмкіндіктерін тиімді пайдалану», «Киберқауіпсіздік: Мұғалім мен оқушының виртуалды кеңістіктегі қауіпсіздік мәдениеті», «Жаһандық білім: Ауыл мұғалімдері мен түлектеріне арналған халықаралық бағдарламалар мен басқарудың икемді (Agile) тәсілдері» тақырыптарын қамтыды.

«Келешек» мектебінде өткен бұл семинар-тренинг – ауыл мектебінің жай ғана білім ордасы емес, заманауи технологиялар мен ұлттық құндылықтар тоғысқан үлкен орталыққа айнала алатынын дәлелдеді. Жиын соңында қатысушылар ауыл мектебіндегі білім сапасын арттыру бойынша нақты ұсыныстар жиынын әзірледі.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

